



«Лютеин, қаражидек сығындысы және рутин кешені» тамаққа биологиялық белсенді қоспасы

«Лютеин, қаражидек сығындысы және рутин кешені» препаратының құрамында көру процестеріне қатысатын және көз денсаулығын қолдайтын және көру қабілетін сақтауға себепші болатын заттар бар.

Лютеин ерекше пигмент – каротиноидтан тұрады. Адам ағзасында лютеин өндірілмейді, тек тағам және витаминді қоспалармен бірге түсіп, тіндерде жинақталады. Ағзада келесі қызметтерді орындайды:

- көздің торын ультракүлгін сәулеленуден қорғайды;
- көру қабілетін жоғарлатуға себепші болады және көздерді бос радикалдардан қорғауды қамтамасыз етеді;
- көз бұршағының көмескіленуі және көз торының бұзылуының алдын алады;
- көз торы дистрофиясының әр түрлі пішіндердің дамуының алдын алады.

Қаражидек антоциандардың бағалы көзі болып табылады, олар:

- қанайналым тамырларының қабырғаларын нығайтуға себепші болады және олардың ілгіштігін жақсартады;
- анық антиоксиданттық әсерге ие, көз тіндерін бос радикалдармен бұзылуына жол бермейді;
- ұзақ уақытты жүктемелерден кейін көру қабілетін қалпына келтіру процесін тездетеді;
- көз торын ультракүлгін сәулеленуден қорғайды;
- қас қарайған кезде көру дәлдігін жоғарылатады.

Рутин адам ағзасында синтезделмейтін заттарға жатады, сондықтан ол тамақпен немесе биологиялық белсенді қоспалармен бірге түседі. Рутинді жиі қолдану:

- қантамыр қабырғаларының қалыңдауына және олардың жарылуының төмендеуіне себепші болады;
- жасуша мембраналарын тұрақтандыруға көмектеседі, көз капиллярларының өткізгіштігін төмендетеді;
- көз ішіндегі қысымды төмендетуе себепші болады.

Шығарылым түрі: массасы 300 мг 30 капсула.

Құрамы: негізгі заттар: аскорбин қышқылы (23,57 %), мырыш цитраты (9,14 %), қаражидек жемістерінің сығындысы (7,14 %), рутин (4,13 %), лютеин (3,93 %) (түрлендірілген крахмал, жүгері крахмал, декстроза шербаты, лютеин, кристалды натрий аскорбаты, d,l-альфа-токоферол), ретинол ацетаты (1,57 %); қосымша заттар: микрокристалды целлюлоза (E460(i)) (48,52 %), аморфты кремний диоксиді (аэросил) (E551) (1,00 %), магний стеараты (E470) (0,50 %), фармакопоялық тальк (E553 (iii)) (0,50 %).

2 капсуладағы белсенді заттардың мөлшері:

		%*
А витамині	900 мкг	90
С витамині	90 мг	128
мырыш	12 мг	80
рутин	15 мг	50
лютеин	750 мкг	15
антоциандар, кем емес	7,5 мг	15

* - % Ересектер үшін тәуліктік қабылдаудың нақты деңгейінен пайызы

Қолдану саласы: тамаққа биологиялық белсенді қоспа, А және С витаминдерінің қосымша көзі, рутин, лютеин, мырыш және антоциандардың көзі ретінде ұсынылады.

Қабылдау бойынша ұсыныстар: ересектерге тамақтану уақытында күніне 1 рет 2 капсуладан қабылдау қажет. Қабылдау алдында дәрігерден кеңес алу ұсынылады.

Қарсы көрсетілімдер: өнім компоненттеріне жеке төзгісіздік.

Сақтау шарттары: 4 °С бастап 25 °С дейінгі температурада күннің көзінен қорғалған құрғақ және балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау қажет.

Сату шарттары: дәрханалар желісі және арнайы дүкендер, сауда желісінің бөлімдері арқылы.

Дәрілік зат болып табылмайды.

Жарамдылық мерзімі: 2 жыл.

30.11.2012 жылғы Мемлекеттік тіркеу жөніндегі куәлік RU.77.99.11.003.E.016532.11.12.

ТШ 9197-028-54863068-12

Өндіруші: «Внешторг Фарма» ЖШҚ, РФ, 105005 Мәскеу қ., Бакунин көшесі, 8-үй, 1-құр, 13-бөлме. Өндіріс мекенжайы: РФ, 601125 Владимир обл., Петушки ауданы, Вольгин ауылы.

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан өнім (тауар) сапасына қатысты шағымдарды қабылдайтын ұйым: «Pharmaline» ЖШС, 050051 Алматы қ., Достық даңғ., 134, «Пионер-2» бизнес орталығы, 4-қабат, 415-кеңсе.

Тел.: +7 (727) 338 48 14, +7 (727) 338 48 15.

Өнім бойынша барлық құқықтар «Внешторг Фарма» ЖШҚ тиесілі.